

- 3 Austin J. L. *Unfair to Facts // Philosophical Papers*, 13. – Oxford University Press, 1965. – pp. 51–109.
- 4 Poncini G. *Multicultural Business Meetings and the Role of Languages Other Than English // Journal of Intercultural Studies*, 24(1). – Routledge, 2003. – pp. 17–32.
- 5 Beaugrande R. D. *Text Linguistics Through the Years // Text*, 10(1–2). – De Gruyter, 1990. – pp. 9–32.
- 6 Beaugrande R. D. *The ‘Pragmatics’ of Doing Language Science: The ‘Warrant’ for Large-Corpus Linguistics // Journal of Pragmatics*, 25(5). – Elsevier, 1996. – pp. 503–526.
- 7 Bhatia V. K. *Worlds of Written Discourse: A Genre-Based Approach*. – Continuum, 2004.
- 8 Poncini G. *Discursive Strategies in Multicultural Business Meetings*. – Peter Lang, 2007.
- 9 Charles M. *Business Negotiations: Interdependence Between Discourse and the Business Relationship // English for Specific Purposes*, 15(1). – Elsevier, 1996. – pp. 19–36.
- 10 der Wijst P., Ulijn J. M. *Politeness in French/Dutch Negotiations // The Discourse of Business Negotiation*, 8. – John Benjamins, 1995. – pp. 313–336.
- 11 Fillmore C. J. *Frame Semantics and the Nature of Language // Annals of the New York Academy of Sciences*, 280. – New York Academy of Sciences, 1976. – pp. 20–32.
- 12 Firth A. *The Lingua Franca Factor*. – 2009.
- 13 Hall E. T. *Beyond Culture*. – Anchor Press, 1976.
- 14 Hofstede G. *Culture’s Consequences: Comparing Values, Behaviors, Institutions, and Organizations Across Nations*. – Sage Publications, 2001.
- 15 Peirce C. S. *Semiótica*. – São Paulo: Perspectiva, 2008.

Материал поступил в редакцию журнала 28.12.2025

МРНТИ 10.02.19

DOI: [10.59102/kufil/2026/iss1pp138-153](https://doi.org/10.59102/kufil/2026/iss1pp138-153)

**А.Ж. Қобланова**

Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы, 050000, Қазақстан

## ЭТИКЕТТІК СТЕРЕОТИПТЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ ТУРАЛЫ

Мақалада қазақ тіл ғылымындағы жаңа парадигмамен байланысты бағыттар мен ізденістерден туындайтын мәселелерге назар аударылып, қазақ сөз этикетінің стереотиптік қырлары айқындалады. Дәстүрлі мәдениетте кездесетін, тілдік қарым-қатынаста стереотипке айналған коммуникативтік этикеттегі қаратпа атауыштардың қоғам мүшелерінің әлеуметтік ерекшеліктерімен байланысты қырларына тоқталдық. Этикеттік қаратпа атауыштар, бір жағынан, әмбебап сипаттағы стереотиптер болса, екінші жағынан, олардың коммуниканттардың жас ерекшелігі, жыныс айырмашылықтары, әлеуметтік мәртебесі сияқты өзгешеліктермен байланысты мәнге ие стереотиптік сипатына талдау жасадық. Сонымен қатар соңғы кездерде пікірталас сипатындағы қаратпа атауыштық этикеттердің қолданыстағы түрлеріне талдау жасалып, мән-мағынасы ашылады. Сондай-ақ ескіден келе жатқан дәстүрлі этикеттік атауыштар әлеуметтік стереотип, ментальді стереотип, этномаркерлі стереотипке жататын түрлеріне тән ерекшеліктері коммуникативтік жағдаятпен байланысты екені көрсетіледі. Этикеттік стереотиптерді талдау барысында қаратпа атауыштардың әлеуметтік-қоғамдық деңгейден мән алып, мәдени-этикалық құндылықтардың қатарынан орын алғаны айқындалды. Этикеттік стереотиптер – қоғамда адамдардың өзара қарым-қатынасында қалыптасқан, күтілетін мінез-құлық үлгілері. Олар мәдениетке, дәстүрге, жасқа, жынысқа, әлеуметтік мәртебеге байланысты пайда болады және күнделікті өмірде бағыт-бағдар береді. Этикеттік стереотиптердің оң жағы – қарым-қатынасты жеңілдетуі,

*түсініспеушілікті азайтуы. Алайда олар кейде шектеу қойып, даралықты елемей мүмкін. Түрлеріне келсек, біріншісі – мәдени стереотиптер. Мысалы, амандасу формасы, қонақ күту, үлкенге құрмет көрсету. Екіншісі – кәсіби этикет стереотиптері: қызметтік хат жазу, басшылықпен сөйлесу, жұмыс орнындағы киім үлгісі. Үшіншісі – жыныстық-рөлдік стереотиптер, яғни ер мен әйелге тән деп саналатын мінез-құлық нормалары. Төртіншісі – жас ерекшелігіне байланысты стереотиптер: балалардың, жастардың, қарттардың өзін ұстау ережелері. Сонымен қатар, цифрлық этикетке қатысты стереотиптер де бар, олар онлайн қарым-қатынаста сыпайылықты реттейді. Этикеттік стереотиптерді түсіну – саналы, құрметті қоғам құрудың маңызды шарты. Бұл тақырыпты талдау жеке жауапкершілікті арттырады, сын тұрғысынан ойлауға үйретеді және әртүрлілікке ашық болуға көмектеседі. Сондықтан этикет нормаларын икемді қолдану, құрмет пен теңдікті сақтау қазіргі заман үшін аса өзекті мәселе болып табылады. Ол адамдар арасында сенім, түсіністік және ынтымақтастық қалыптастырады, ұзақ мерзімді әлеуметтік байланыстарды нығайтады, тұрақты дамуға ықпал жасайды және адамдар арасындағы қарым-қатынастарды тілдік коммуникацияны реттеп отырады.*

*Кілт сөздер: сөз этикеті, қаратпа атауыштар, ортология, әлеуметтік стереотип, ментальді стереотип, этномаркерлі стереотип.*

## НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Этикеттік тілдік бірліктердің негізгі ерекшеліктерінің бірі – олардың тілдік коммуникацияда белгілі бір дәрежеде стереотиптенуі. Дәстүрлі мәдениетте амандасу, қоштасу, кешірім сұрау, ризашылық білдіру, алғыс айту, жұбату, рахмет айту, қаратпалардың қалыптасқан стереотип түрлері бар. Олардың кез келген түрін қолданған кезде әр адам өздері ойлап таппайды. Көркем прозалық мәтіндерінде де, сөйлеу тілінде де белгілі бір этикет сөз, сөз бірліктері дайын тілдік бірлік ретінде қолданылып отырады. Этикет тіл үшін де, көркем шығарма тілі үшін де норма болып табылады.

XXI ғасыр лингвистикасы «тілді мәдениет феномені, ұлттың мәдени коды» ретінде қабылдап, зерттеу өзегіне айналдыруда [1, 95].

Л.А. Веденская «Русский язык и культура речи» атты еңбегінде: «Сөз этикеті дегеніміз – сөз тәртібінің қалыптасқан ережелері, қарым-қатынастың тілдік формулалар жүйесі», – деп сөз этикетінде белгілі бір қалыптасқан жүйе, тілдік құралдар стереотипі бар екендігін атап көрсетеді [2, 42].

Н.И. Формановская «Речевой этикет и культура речи» атты еңбегінде: «Сөз этикеті деп сөз тәртібі ережелерін реттеп отыратын, ұлттық ерекшелігі бар, стереотипті, адамдардың қарым-қатынас жасауы үшін қоғамда дұрыс деп қабылданған тұрақты қарым-қатынас формулаларын айтамыз», – деп жазады [3, 56].

Ғылымның қай саласы болмасын ғылыми парадигма теориялық тұрғыдан да, практикалық тұрғыдан да зерттеудегі ерекше жетістіктер деп саналады. Ғылыми ойдың дамуы парадигмалық кезеңдерден тұрады. Қазіргі кезеңде тіл ғылымында да, ғылымның басқа салаларындағыдай, парадигмалардың жаңа түрлері басым сипатқа айналып жатыр. Осыдан шамасы, бүгін ғасырдай бұрын А.Байтұрсынұлынан басталған қазақ тіл ғылымында, қазақ тілін зерттеуде тілдің құрылымдық жүйесін «өз ішінде» қарастыру ең басты парадигма болды. Атап айтқанда, тілдің фонетика, морфология, сөзжасам, синтаксис, лексика-фразеологиялық бірліктері тілдік жүйенің өз ішінде құрылымдық бірліктері түгелденіп, олардың қызметі саралануы қазақ тіл білімінің зор табысы болды. Осындай зерттеулердің барысында тілдік құрылымды тілдік коммуникация бағытында зерттеу, сондай-ақ сөз мәдениетін қолданыс аясында қарастыру қолға алынған болатын. Әуелде тілдік құрылымның бірліктері әдеби тілдің нормасы тұрғысынан қарастырылатын бағыт аса көрнекті Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент мүшесі, профессор Мәулен Балақаевтың есімімен тығыз байланысты болды. М. Балақаев тіл мәдениетін жеке пән ретінде алғаш негіздеп, оның зерттеу объектісі мен негізгі бағыттарын бағдарлап айқындап берді [4]. Қазіргі А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі

институтында Тіл мәдениеті бөлімі құрылып, қазақ тілінің академиялық сипаттағы ортологиялық құралдарын шығара бастады. Тұңғыш рет қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігі жарық көрді [5]. Ұжымдық негізде тіл мәдениеті жөнінде ғылыми көпшілікке арналған тақырыптық жинақтар шығарылды [6].

Тіл мәдениетіне қатысты норма туралы күрделі теориялық ұғымды аса көрнекті ғалым, қадірменді ұстазымыз академик Р.Сыздық тереңнен пайымдап, норма мен нормаланудың, нормаларды кодификациялауды ғылыми концептуалды тұрғыдан алғаш рет анықтап берді. Ғалымның бұл пайымдауы тіл мәдениеті аясында ғана сөз болып жүрген норма ұғымын кең түрде қарап, ал нормалану ұғымын коммуникация үрдісімен байланысты қарауға таяныш болды [7].

Тіл мәдениеті деген мазмұны аса кең терминологиялық атауды М.Балақаев сынды ұстаздың алдын көрген, бірлесіп мақалалар жазып, мәселе көтерген ғалым Н.Уәли тіл мәдениеті деген ұғымнан сөз мәдениетін ажырата қарады [8]. Тіл мәдениеті, шындығында, ортологиялық түрлі құралдар дайындау, олардың ғылыми негіздерін жасау болатын. Ал сөз мәдениеті әрі ортологиялық лингвистикамен де, әрі тілдік коммуникациямен де байланысты ұғымды қамтиды [9].

Соңғы жылдары немесе қазіргі заманауи дискурста әлеуметтік стереотиптер, әдеп және қоғамдық мінез-құлық туралы дәлелді пікірді британдық ғалым Уильям Хэнсон: «Қазіргі қоғамда әдеп тек ереже емес, қоғамның бір-біріне деген сыйластығы мен сезімталдығының көрінісі. Этикеттік нормалар адам-адам қарым-қатынасын жеңілдетіп, түсіністікті арттырады» [10], – деп тұжырымдайды. Ғалымның бұл еңбегі қазіргі Британиядағы әдеп нормалары мен күнделікті мінез-құлық ережелеріне арналған. Кітапта автор қоғамдық қатынастардағы сыпайылық, әдептілік және өзара сыйластықтың маңызы, сондай-ақ күнделікті этикеттік стереотиптер мен әдет-ғұрыптардың адам қарым-қатынасын қалай қалыптастыратыны туралы заманауи талдау береді. Ол ежелгі қатаң ережелердің орнына әлеуметтік сезімталдық пен өзара құрметтің маңыздылығын көрсетеді. Бұл еңбек қазіргі қоғамдағы мінез-құлық нормаларын қарастырады, дәстүрлі этикетті қазіргі мәдениет тұрғысынан түсіндіреді және адамдар арасындағы стереотиптік күту мен нақты әдептің қай жерде қиылысатынын көрсетеді.

Ұлыбританиялық ғалым Перри Р. Хинтон этикеттік стереотиптер жайында: «Стереотиптер – бұл жай клишелер емес, біз өмір сүретін «әлеуметтік әлемді» құраушы элементтер: олар жеке тұлғалар мен топтардың қатысы мен болмысын қалыптастырады» [11], – деп жазады. Бұл еңбегінде ғалым стереотиптердің әлеуметтік құрушы рөлін зерттейді – яғни адамдардың бір-бірі туралы алдын-ала қалыптасқан идеялары (стереотиптер) қоғамдық әлемнің өзі қалай құрастырылатынын қалай әсер ететінін талдайды. Хинтон стереотиптердің жоқтан пайда болмайтынын, олар қоғамдағы мәдени, когнитивті және идеологиялық факторлармен тығыз байланыста екенін дәлелдейді. Хинтон стереотиптерді тек теріс әлеуметтік құбылыс ретінде қарастыруға болмайтынын, олар біздің әлеуметтік әлемімізді қалай құратынын мен түсінуімізге ықпал ететінін айтады. Бұл көзқарас әлеуметтік нормалар мен мінез-құлық стереотиптерінің адам өміріндегі рөлін түсінуге мүмкіндік береді.

Жоғарыда келтірілген Британдық ғалымдардың пікірлері бойынша «әдеп» ережелері тек формальды қатаң талап емес, адамдардың бір-біріне құрмет көрсету құралы ретінде болып саналады. Қазіргі қоғамда әдеп пен стереотиптік мінез-құлық ережелері адамдар арасындағы қарым-қатынасты жеңілдетуге, түсіністік пен үйлесімділікті сақтауға көмектеседі.

## КІРІСПЕ

Этикеттік стереотиптер – ұлттық құндылықтар қатарынан ерекше орын алатын феномен. Сөз этикетін тілдік коммуникацияның өзегі деуге болады. Адамдар белгілі бір қоғамның, ондағы әлеуметтік жіктер мен топтың, ұжымның мүшесі ғана емес, олардың сол ортадағы бір-бірімен сан-алуан тілдік қарым-қатынастарының субъектісі ретінде де өмір сүреді. Есте жоқ ежелгі заманнан солай. Адамдар арасындағы әралуан қарым-қатынастар тілдегі қалыптасқан этикеттік стереотиптер арқылы жүзеге асып отырады. Этикеттік

стереотиптер субъектілер арасындағы қарым-қатынасты оңтайландыратын категория болып табылады. Этикеттік стереотиптер адамның өмірінде маңызды орын алады, өйткені олар оның қоғаммен қарым-қатынас жасау тәсілін қалыптастырады. Адам дүниеге келгеннен бастап белгілі бір ортада өсіп, сол ортаға тән әдеп нормаларын бойына сіңіреді. Осы стереотиптер арқылы адам өзін қалай ұстау керектігін, өзгелермен қалай сөйлесу керек екенін үйренеді және қоғамға бейімделеді.

Этикеттік стереотиптер күнделікті өмірде адамдар арасындағы өзара түсіністікті жеңілдетуге әкеледі. Белгілі бір жағдайларда қандай әрекет жасау керектігі алдын ала белгілі болғандықтан, қарым-қатынас барысында ыңғайсыздық пен түсінбеушілік азаяды. Мысалы, сәлемдесу, алғыс айту, кешірім сұрау сияқты әрекеттер адамның мәдениеттілігін көрсетіп, жағымды әсер қалдырады.

Сонымен қатар этикеттік стереотиптер адамның әлеуметтік мәртебесіне, беделіне әсер етеді. Әдепті, сыпайы адам қоғамда сый-құрметке ие болып, адамдармен тез тіл табысады. Ал этикет нормаларын сақтамау кей жағдайда адамның жағымсыз қабылдануына, қарым-қатынастың бұзылуына әкелуі мүмкін. Сондықтан этикеттік стереотиптер жеке тұлғаның қалыптасуында маңызды рөл атқарады.

Этикеттік стереотиптер адамға өзін-өзі бақылауға, эмоциясын тежеп, ортаға бейімделуге көмектеседі. Олар адамның мінез-құлқын реттеп, қоғамдағы тәртіп пен үйлесімділікті сақтауға ықпал етеді. Әсіресе, жұмыс орнында немесе ресми ортада этикетті сақтау адамның кәсіби деңгейін де айқындайды.

Этикеттік тілдік бірліктер, негізінен, заман өзгеріп жатса да байырғы қалпын бұзбайтын, орныққан, тұрақталған, ұрпақтан-ұрпаққа ұласып отыратын сөз орамына жатады. Сондықтан оларды өзгерте бермей, орынды жұмсау қажет. Этикеттік қызмет атқаратын тілдік бірліктер осы қасиетімен құнды. Адамдардың өзара қарым-қатынасын реттеу этикеттік нормалар арқылы жүзеге асады, ал этикеттік нормаларға этикеттік сөз бірліктері арқау болады. Күнделікті өмірде стереотипке айналған мұндай сөздер жиі қолданылады және бұл сөздерді қолдану еш қиындықсыз оп-оңай көрінеді. Сондықтан адресанттың оларды талғап, таңдап қолдануына ерекше көңіл бөлуі қажет. Ұлттық этикет жүйесіндегі этикеттік стереотиптер орынды қолданылса, тілдік қарым-қатынастың оңтайлы әрі қолайлы болуын жеңілдеті түсері сөзсіз.

Қазақ халқының ұлттық болмысын шынайы көрсететін этикеттік стереотиптердің этномаркерлі реңктерін, мән-мағынасын, жұмсалатын орнын, қызметін көрсетудің мәні зор. Бұл жайт, әсіресе, ұлттық нышаны бар, өзге тілде кездесе бермейтін этикеттік бірліктерді талдап, саралаудан басталады. Сондықтан қазіргі тілімізде актив қолданылатын этикеттік сөз орамдарынан гөрі тілдің тереңінде жатқан, көпшілігі бүгінгі күні ұмытылған, жастардың тілінде мүлде ұшыраспайтын этноэтикеттік бірліктерді қарастырудың мәні зор. Осындай этноэтикеттік тілдік бірліктерді сөздердің әдеттегідей лексика-семантикалық топтары деп түсінбеу керек. Бұларды белгілі бір кезеңдердегі лингвомәдени қоғамдастыққа тән дәстүрлі мәдениетіміздің тілдегі көрсеткіші деп ұғыну қажет.

Қазіргі қазақ тілтанымында ұлттық тілдің лексика-фразеологиялық байлығын көрсететін лексемаларды қарастыру лексикалық жүйенің аясынан шығып, этномәдени бірлік ретінде қарастырыла бастады. Мұндай бағыттар халық тіліндегі ұлттық ерекшеліктерді тереңірек танып білуге игі әсерін тигізеді.

Этикеттік стереотиптерді дәстүрлі мәдениетпен, рухани құндылықтармен байланысты ашу, білім берудегі тиімді тәсілдердің бірегейі ретінде көрсету – басты мақсатымыздың бірі. Бірақ осылардың ішінде ұлттың рухани мәдениетімен үйлеспейтін жат қолданыстарды талдап көрсету – міндетіміз болып табылады. Этикеттік стереотиптер – қоғамда қалыптасқан, адамдардың бір-бірімен қарым-қатынаста қалай сөйлеуі, өзін қалай ұстауы, қандай қимыл-әрекет «әдепті» немесе «әдепсіз» деп саналатыны жөніндегі тұрақты, жалпылама үлгілер. Олар дәстүр, мәдениет, тарих, әлеуметтік орта әсерінен қалыптасады және көбіне саналы түрде емес, әдет арқылы орындалады.

1. Этикеттік стереотиптердің мағынасы: қарым-қатынасты жеңілдетуге ықпал жасайды; адамдарға бір-бірінің мінез-құлқын алдын ала айқындауға көмектеседі; «дұрыс» және «дұрыс емес» әрекеттердің нақты шекарасын белгілейді. Мысалы: үлкенге жол беру; сәлемдесу әдебі; қонақта өзін өзі ұстау ережелері; ресми ортада сөйлеу әдебі.

## 2. Қалыптасу көздері

Этикеттік стереотиптер мына факторлар арқылы қалыптасады: 1) Ұлттық мәдениет пен дәстүр бойынша: Қазақ қоғамында үлкенді құрметтеуге, бата беруге, амандасуға ерекше мән беріледі; 2) Отбасы тәрбиесі қатысты: «Үлкенге қарсы сөйлемей», «Жасы үлкеннің сөзін бөлмей», «Қонаққа амандасу»; 3) Қоғамдық ортаға қатысты: Мектеп, жұмыс орны, әлеуметтік желі, орта; 4) Тарихи тәжірибеге қатысты: Ұрпақтан-ұрпаққа сабақтасатын мінез-құлық үлгілері.

## 3. Этикеттік стереотиптердің түрлері

Ұлттық-мәдени стереотиптерге: Дәстүрлі мәдениетте: үлкендермен қол беріп амандасу, дастарқанға бата жасау; Жапон мәдениетінде: иілу арқылы амандасу; Батыс елдерінде: жеке кеңістікті сақтау;

Гендерлік стереотиптер: Ер адамдардың әйелдер жолын кесіп өтпеуі керек; Әйел адам сыпайы, жұмсақ сөйлеуі тиіс;

Жас ерекшелігіне байланысты: Жастар үлкендерге «Сіз» деп сөйлеуі тиіс. Үлкендердің айтқан сөздерін жасы кішілер тыңдауы тиіс;

Ресми және бейресми ортада: Ресми ортада: іскери стиль, қатаң этикет сақталуы тиіс; Бейресми ортада: сөйлеу әзіл-қалжың аралас еркін түрде;

4. Қоғамдағы қызметі - Этикеттік стереотиптер: әлеуметтік тәртіпті сақтайды; қақтығыстардың алдын алады; адамдар арасында өзара түсіністік орната біледі; мәдени бірегейлікті нығайтуға атсалысады.

## 5. Артықшылықтары мен кемшіліктері:

Артықшылықтары: Қарым-қатынасты жеңілдетеді; Әдептілік нормаларын сақтайды; Қоғамдағы үйлесімділікті қамтамасыз етеді;

Кемшіліктері: Жеке еркіндікті шектеуі мүмкін; Уақыт өте мағынасы ескіріп, маңызын жоғалтады;

Басқа мәдениет өкілдері арасындағы қарым-қатынасты түсінуге қиындық келтіреді;

## 6. Қазіргі замандағы өзгерістерде:

Жаһандану мен цифрлық мәдениет әсерінен: кейбір дәстүрлі этикеттік стереотиптер әлсіреуде;

жастар арасында қарым-қатынастың жаңа түрлері қалыптасуда; онлайн ортада этикеттің жаңа түрі пайда болуда.

Қазіргі жаһандану дәуірінде ұлттық бірегейлікті сақтау мәселесі алдыңғы орынға шығып отыр. Осы орайда, халықтың ішкі мәдениеті мен рухани болмысының айнасы болып табылатын этикеттік стереотиптерді зерттеу аса маңызды. Тілдік қарым-қатынастың өзегі саналатын әдеп нормалары мен сөз орамдары тек коммуникация құралы ғана емес, ұлттық құндылықтарды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші тетік болып табылады. Бүгінгі таңда жастар тілінде байырғы этноэтикеттік бірліктердің сирек қолданылуы немесе ұмытыла бастауы, сонымен қатар ұлттық танымға жат этикеттік нышандардың енуі бұл тақырыптың лингвомәдени және әдістемелік тұрғыдан терең зерделенуін талап етеді.

Зерттеудің мақсаты – қазақ тіліндегі этикеттік стереотиптердің ұлттық құндылық ретіндегі табиғатын ашу, олардың коммуникативтік-әлеуметтік қызметін айқындау және ұмытылып бара жатқан этноэтикеттік бірліктерді жаңғырту арқылы заманауи білім беру мен тәрбие үдерісіндегі маңызын негіздеу.

Зерттеу мақсатына жету үшін келесі міндеттер айқындалды:

1. Этикеттік стереотиптерді тілдік қарым-қатынасты оңтайландырушы әлеуметтік-мәдени категория ретінде сипаттау және олардың жеке тұлғаның әлеуметтік мәртебесіне әсерін ашу;

2. Қазақ халқының ұлттық болмысын айқындайтын, этномаркерлі реңкі бар байырғы этикеттік бірліктердің лексика-семантикалық және прагматикалық ерекшеліктерін саралау;
3. Ұлттық рухани мәдениетпен үйлеспейтін жат қолданыстарды анықтап, дәстүрлі этикеттік нормаларды қазіргі білім беру жүйесінде рухани құндылықтармен байланыстыра оқытудың тиімді тәсілдерін ұсыну.

## МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Зерттеу жұмысының теориялық негізін қазақ тіліндегі этикеттік бірліктердің функционалдык-прагматикалық қызметі мен олардың этномәдени сипатын айқындайтын дереккөздер кешені құрайды. Зерттеу материалының мазмұндық құрылымы төрт негізгі деңгейге жіктелді. Бірінші деңгейде сөз этикетінің лексика-грамматикалық жүйесі, атап айтқанда, тәуелдік тұлғалы қаратпа атауыштар (*балам, қызым, бауырым, ағайым*) мен отбасылық-тұрмыстық аядағы дәстүрлі лексемалар (*ата, әже, жеңеше, інішек*) зерделенді. Екінші деңгейде студент жастардың бейресми коммуникациясындағы тілдік трансформациялар, соның ішінде варваризмдер мен жаргонизмдердің («*о кей*», «*пока*», «*привет*») қолданыс жиілігі мен бетпе-бет сөйлесу модельдері қарастырылды. Үшінші деңгейде этномаркерлі және ментальді стереотиптер – «тұңғыш баланың ата-анасын «аға» немесе «жеңеше» деп атауы» сияқты ментальді кодтар мен фольклорлық мәтіндердегі көне атаулар жинақталды. Төртінші деңгей ретінде бейвербалды семиотикалық таңбалар (ым-ишара, «алақан соғыстыру» қимылы) талдау нысанына алынды.

Жұмыстың мақсаты мен міндеттерін жүзеге асыру барысында лингвистикалық және мәдениеттанулық әдістер кешені қолданылды. Атап айтқанда, лингвомәдени талдау әдісі арқылы этикеттік бірліктердің ұлттық құндылықтар мен этикалық нормаларды тасымалдаушы мәдени феномен ретіндегі табиғаты айқындалды. Функционалды-семантикалық талдау тәуелдік жалғауының «меншіктік» мағынадан тыс, «ішарту» және «құрметтеу» сияқты эмоционалды-экспрессивті реңктерін ашуға мүмкіндік берді.

Зерттеу барысында этикеттік стандарттардың қолданыс аясын ресми және бейресми ортада саралау мақсатында контекстік және ситуациялық талдау жүргізілді. Қазақ тіліндегі этикеттік қаратпалардың өзіндік ерекшелігін өзге түркі тілдерімен (қырғыз, қарақалпақ) және мағыналық жағынан бейтарап тілдік жүйелермен салыстыру үшін салыстырмалы-типологиялық әдіс басшылыққа алынды. Сонымен қатар, «атасының баласы» немесе «әжесінің баласы» концептілерінің астарындағы этносемантикалық мағынаны түсіндіруде интерпретациялық әдіс, ал «мама» лексемасы сияқты қазіргі қолданыстардың тарихи жырлардағы ұқсас тұлғалармен генетикалық байланысын бағамдау үшін диахрондық (тарихи) талдау әдісі пайдаланылды. Бұл әдіснамалық тәсілдер зерттеу нәтижелерінің ғылыми негізділігі мен объективтілігін қамтамасыз етуге негіз болды.

Жаңа парадигмалық коммуникация теориясы және оны оқытудың ғылыми негіздерін танытатын бағыттағы зерттеулерді бағдарға ала отырып, осы кездердегі оқушылар мен студент жастардың сөз дағдысына байланысты жинаған экскурс материалдарымыздан бірер мысал келтіре кетейік.

Мектеп бітірушілер мен студент жастардың ауызекі тілінде сөйлеу тілінің нормалары кейбір тұстарда сақталмай дағдыға айналып бара жатқаны байқалады. Сөйлеуде, ауызекі коммуникацияда, *-баракел, жұмагүні, келегалды* деп бір ырғақты екпінмен айтылатын сөздер *баракел, жұмакүні, келеқалды* деп, дыбыстық үйлесімі, үндесімін бұзып айтатындар жиі ұшырай бастады. Бәрімізге, әсіресе, педагог ғалымдарымызға белгілі болса да бұл негативті жағдайды еске алып отырған себебіміз, бұл мәселені қарастыруда компьютерлік лингвистикамен байланысты жаңа технологиялық құралдардың мүмкіндігін пайдалану жағын ойластыру еді. Ауызекі тіл коммуникациясына тән өзіндік нормалар бар да, жазба сөздің манифестациясына тән нормалары бар. Тілдік коммуникацияда осы аталған жүйенің өзді-өзіне тән нормалары сақталуға тиіс екені белгілі.

Мәселе тек сөздің дыбысталуы мен жазылуының ортологиясы ғана емес, студент жастардың сөзді дұрыс, орынды, коммуникативтік жағдаят пен мақсатқа қарай тиімді қолданылу жағын ойласақ, мәселе күрделене түседі. Педагог ғалымдарымыздың аудиториядағы коммуникацияға үнемі назар аударып отыратыны белгілі. Сөз мәдениетінің жастар арасындағы оң немесе теріс динамикасын айқындау қажеттілігі өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Жастар арасындағы коммуникация мәдениеті орта деңгейден де төмендеп бара жатыр ма деген қауіп те жоқ емес.

Бұрыннан бері айналысып жүрген зерттеу тақырыбымызға қатысты болғандықтан студент жастардың сөз этикетіне назар аударуымызға тура келеді. Бейресми коммуникациядағы еркіндіктер, мысалы, «алақан соғыстыру», «о кей», «покалар», «чау», «привет» сияқты варваризм, жаргонизмдер етек алып барады. Әрине, бұндайларды жастардың әлеуметтік ортасы деп плюроцентризмге жатқыза салуға болар еді. Алайда жастардың ұлттың болмысына тән ерекшеліктерін жоғалта бастауы осындайдан басталмай ма? Мәселені ортаға салып, қоғамдық ойға қозғау салу, әрине, біздердің, педагог ғалымдар мен күллі мәдени жұртшылықтың мойнында болса керек.

Қай халықтың мәдени өмірінде болмасын бетпе-бет коммуникация әуелде амандасудан басталып, тілдесудің «кілті» ашылады. Қазақтың халықтық салт-дәстүрінде амандасу мен қоштасудың түр-түрі, соған сай вербалды мағыналық бірліктер, сондай-ақ бейвербалды семиотикалық таңбалар (ым-ишара тілі) аз емес. Сөз этикетінде *Кіммен? Қай жерде? Қалай?* дейтін тілдік және тілдік емес стандарттар бар. Амандасу да, қоштасу да осы стандартқа сай болуға тиіс. Оны бізден бұрынғылар жақсы білген. Олардың ұлттық санасындағы «Сәлем – сөздің анасы» дейтін мақал түріндегі ұғым осыны аңғартады.

Мәдени дәстүрде *ағай, апай, апа, ата, атай, әже, әжесей, балам, қызым, інішек, інім, баурым* тәрізді т.б. этикеттік қаратпа атауыштардың, субъектілердің қарым-қатынастағы өз рөліне қарай қалыптасқан өз орны мен ерекшеліктері бар. Бұл дәстүр қазақ қоғамында ерте заманнан бері келе жатқан мәдени этикалық құндылықтар болып саналады. Кезінде «*Балам дейтін халық болмаса, халқым дейтін бала қайдан болсын*» деген Ахмет Байтұрсынов айтқан сөз қазіргі кезде нақылға айналды. Бұдан этикет сөздердің жалаң стереотип қана емес, сөйлеушінің (адресанттың) тыңдаушыға (адресатқа) ішарта айтқан эмоциялық мәнділікті де аңғаруға болады. Тіл-тілде этикеттік стереотиптердің атқаратын қызметі әралуан. Мысалы, көптеген тілдерде қаратпа этикеттер эмоционалдық реңкі жағынан бейтарап болса, қырғыз, қарақалпақ, қазақ тілдерінде *балам, қызым* деген тәуелдік тұлғалы қаратпа атауыштардың семантикасында субъектімен жағымды байланыс орнатуға ұйытқы болып тұрған эмоциялық реңкті айқын байқауға болады. Тыңдаушының әлеуметтік мәртебесін көтеріңкірей түсетін жағымды реңкпен айтылады.

Қазақ халқының төл мәдениетінде *-м, -ым, -ім* тұлғасымен келетін тәуелділіктің бірінші жағының, *қызым, балам, ағайым, інім, бауырым* т.б. қаратпа атауыштардың дәстүрлі этикет жүйесіндегі орны мен қызметі ерекше тілдік бірліктерге жатады. Адресатқа қарата айтылатын сөзде бұндай тілдік форманттардың грамматикалық экспликациясы тәуелдік мағынада болғанмен, олардың қарым-қатынастағы атрибутикасы «сыйластық», «құрметтеу», «ішарту» сияқты этикалық мәнділіктерді білдіреді.

Функционалдық тұрғыдан қарар болсақ, тәуелдік жалғауының қызметі сан алуан, ол тек «меншікті» мағынаны ғана білдіріп қоймайды, сондай-ақ қаратпа сөз типтерін жасайтын да қызметі (функциясы) бар. Тәуелдік жалғаулы қаратпа атауыштардың лексикалық мағыналарының нақты жағдайға (ситуацияға) қарай өзгеруі т.б. осы іспеттес заңдылықтар қазақ сөз этикетінің өзіне тән «грамматикасы» бар екендігін аңғартады [9, 28].

Ұлттық мәдениетке тән сөз этикеті әуелде отбасы-ошақ аясында қалыптасатыны белгілі. Отбасы-ошақ аясында қалыптасқан этикеттік қаратпалардың *ата, әже, апа, әке, аға, інім, жеңге, жеңеше, сіңілім, келін* сияқты т.б. түрлері жалпыға ортақ, *әлеуметтік сипаттағы стереотиптерге* жатады.

Алайда әлеуметтік стереотипке қарасты этикеттік қаратпа атауыштардың ішінде дағдылы қолданысынан ауытқитын да тұстары болады. Ел ішінде *аға* деп «әкесін», *жеңеше*

деп «шешесін» айтатын жайттар да кездеседі. Бұндайларды дағдыдан мақсатты түрдегі уәжді ауытқуға жатқызамыз. Олай дейтіміз қазақы орта дәстүрінде әжесінің бауырында өскен тұңғыш бала шешесін «жеңеше», әжесін «аға» деген қаратпа атауышпен айтады. Отбасы-ошақ аясында қолданылатын бұндай қаратпа атауыштарды ментальды стереотипке жатқызамыз, өйткені *ментальды стереотипке* жататын бұл типтес қаратпа атауыштардың «сыртында» «әжесінің баласы», «атасының баласы» деген этносемантикалық ерекшелік тұрады.

Қазіргі кезде бұқаралық ақпарат каналдарында анасын «мама»дейтін этикеттік қаратпа атауыш туралы талас пікірлер айтылып жүр. Бұл жайтқа да тоқтала кетуімізге тура келеді.

Рас, XX ғасырдың екінші жартысынан былайғы буын анасын *мама* деген қаратпа атауышпен айта бастағаны мәлім. Сонымен қатар қаратпа атауыштың этикеттік бұл түрін социум арасында мүлдем жатсынатындар болды. Алайда этикеттік қызметтегі *мама* сөзінің қолданысын терістемес бұрын қазақтың қаһармандық жырында кездесетін дыбысталуы ұқсас *мама* атауын еске алғанымыз жөн болар.

«Қобыланды батыр» жырында:

*Кетер болсаң, сұлтаным,  
Енекемнің еміп кет,  
Төсінде екі мамасын. – дейді.*

Сонымен бірге әйгілі ақын Сағи Жиенбаевтың өлеңдерінде:

*Апатай-ау, мен бәрінде көрдім зой,  
Ақ сүтіңді, ақ мамаңды емдім зой...  
Әлі күнге мені сәби көресің,  
Мен де бүгін жиырма екіге келдім зой, –* деген сөз қолданысты кездестіреміз.

Бұл жерде біз байырғы қыпшақтық *мама* сөзі бірде жауласып, бірде одақтасып қыпшақтармен қыз берісіп, қыз алысқан орыс князьдіктеріне дала жұртшылығынан жұғысты болды ма дей отырып, өз жұртымызға этикеттік атауыш болып, қайта келген болар деп те жорамалдауға болады. Жүздеп саналатын орыс тіліндегі түркізмдердің бірі болуы да мүмкін. Мәдени тілдік коммуникацияда қыпшақтық (қазақтық) *тостағанның* орыс тілінен өзімізге *стакан, түйе қомының қамыт < хомут* болып келгені сияқты ауыс-түйістіктер аз кездеспейді. Мәдени қарым-қатынастағы ауыс-түйіс атаулардың бірқатары оқулықтарда көрсетіліп жүргені белгілі. Бұндай ауыс-түйістер тілдегі ескі мен жаңаның синтезі іспетті деуге болады.

Сөз этикетіндегі *армысың/армысыз; ар ма?* деген амандасудың дәстүрлі түріне жатады деп тануға болады. Амандық сұрасудың бұл ең ежелгі түрі туралы ақпарат арналарында әр түрлі талас-тартысты пікір айтылып та жүр. –*Армысыз, -бар бол* деп амандасуды діни түсінікте жат деп қарайды екен. Бұл жөнінде кім қалай ойласа да өз еркі деп, мәселеге бейғам қарауға болмайды. Ал қолданыстағы тілдік бірлікті байыптай қарасақ, байырғы бабалар мұрасынан күні бүгінге мирас болып жеткен ерекше этикеттік мәнділік екенін айқын аңғаруға болады.

Бір ғасыр емес, неше ғасырлық тарихы бар *ар ма!*; *армысың/армысыз* деген этикеттік қаратпа атауыштың арғы түп төркіні көне түркілік деректермен ұштасатыны байқалады. Көне түркілік деректерде *арығ* «таза», «құрметті», «қасиетті» деген ұғымдарды білдірген [12]. Тарихи фонетикалық тұрғыдан қарағанда *арығ* атауының түбірі *ар* «таза» деген мағынаға саяды. Атаудың этикеттік жұмсалымындағы семантикасы «ауру-сырқаудан тазамамысыз» деген ойды аңғартады.

*Ар ма* деп амандасудың «Қыз Жібек» жырында қолданылуы оның ғасырлардан келе жатқан мәдени дәстүрі екенін танытады. *Армысың, армысыз, ар ма* этикеттерінің мәдени семантикалық аясы, қолданым өрісі өте кең. «Қазақ әдеби тіл сөздігінде» [13] этикеттік қаратпа атауыштардың иллюстрациялық материалдары кеңінен бекіліп, мағыналары орнықты түрде ашылған. Оны тілдік материалдардағы қолданылу ерекшелігіне қарай қысқаша топтап көрсетуге болады:

1) бейтарап мағынада қолданады: *Кереңге ар ма десең, насыбайың бар ма дейді* (мәтел); *Жасық пышақ өтпейді жанысаң да, жаман ар ма демейді таныса да* (мақал);

2) айырықша эмоционалды мағынада жұмсалады:

*Армысың, айналайын, Аға шопан,  
Даңқыңа дала да таң, қала да таң.  
Сүйеген босағаңа таяғыңды.*

*Киелен алақанға алады Отан (Қуандық Шаңғытбаев)*

Жасы үлкен, мәртебелі адамға қарата айтылатын сәлемдесудің бұл түрі *дәстүрлі әлеуметтік стереотипке* жатады.

3) Сәлем алушы батагөйді ерекше қасиет тұтып, мәртебесін қастерлеп қолданады:

*Ар ма, Ата! Арнай келдім батаңды бер,  
Қасыма балаңды қос қатар жүрер!  
Жол сілте, ақылыңды айт, қысылғанда,  
Аятым болсын менің айтып жүрер (М.Мақатаев).*

Сәлемдесудің бұл түрін семантикалық өріс аясындағы *этномәдени стереотипке* жатқыздық.

4) Табиғат объектілерін қасиеттендіру мағынасымен байланысты мақсатта жұмсалады:

*Ар ма, Алатауым, айналайын,  
Сағындым ақ төсіңді аймалайын.  
Шыңына бір шықпасам кете алмаймын,  
Әр жылда Алматыға келген сайын (Т.Әлімқұлов).*

Амандасудың бұндай ерекше түрін *ментальды көркем стереотип* деп тануға болады.

Ұлт мәдениеті туралы таным-білімнің аясын құрайтын этикеттік стереотиптер тілдік деректердің көзі болып танылады. Ұлттың, халықтың сырт көзге бірден байқалатын, мен мұнда лап тұратын ерекшелігі, ең алдымен этикеттен, сөз этикетінен көрінеді. Белгілі бір халықтың ұлттық тілін үйренуде бөгде елдің өкілі, алдымен сол халықтың тіліндегі сөз этикетіне ден қояды. Тіл үйренуді этикет сөздерден бастайды. Сондықтан белгілі бір халықтың сөз этикетін, оның табиғатын тереңірек білу үшін этикеттік бірліктерді *елтанымдық тұрғыдан* оқытып-үйрету бүгінгі таңда аса қажет. Қазіргі кезде этикеттік стереотиптерді «өз ішінде» талдаудан, яғни семантика-стилистикалық, функционалды, т.б. ерекшеліктерін сипаттаудан гөрі, – объектіні әлеуметтік ортамен, ондағы салт-дәстүрмен, халықтық таным, біліммен байланысты меңгертуге көңіл бөле келе, аталмыш жайтты этикалық, этикеттік қырдан қарау жағына назар аударып, *зерттеуіміздің әдістемесі ретінде* негізге алдық. Гуманитарлық студенттер аудиториясында қазақ сөз этикетіне байланысты сабақтарда осындай кешенді бағытта білім беру болашақ педагог мамандар үшін пайдалы болар деп ойлаймыз.

## НӘТИЖЕЛЕР

Халықтың дәстүрлі мәдениетіндегі этикеттік стереотиптерге ие маркирлі тілдік бірліктердің қарым-қатынас кезінде экспрессивтік реңкке ие болып, коннотативтік мағынада жұмсалуы, эмотивтік қызметке көшуі тәрізді қасиеттерін сөз этикетін арнайы қарастырған кезде айқын байқауға болады.

Адамзат қоғамындағы әрбір дәуірдің, әрбір кезеңдердің өзді-өзіне тән ерекшеліктері болады. Көне дүниелердегі этикет, этикеттік стереотиптер әртүрлі наным-сенімдермен байланысты қалыптасады. Олардың негізінде мистика, символ ерекше орын алады. Ал өркениетті (цивилизациялық) қоғамдағы этикет адамзат қоғамының дамуына ықпалын тигізетін рухани күшке айналды, ұжымдық, жеке тұлғалық (индивидтік) қалыптастырады. Этикет, этикеттік стереотип қазіргі тілтаным (лингвистика) ғылымында көпқырлы ұғымдардың біріне айналды. Тілтаным ғылымының зерттеу кеңістігінің шеңбері философия, психология, этнология ғылымдарымен кеңейе түсті. Сондықтан этикет ұғымын бір ғана ғылым аясында қарастыру жеткіліксіз екені байқала бастады. Әуелде этикет когнитивтік лингвистика, лингвоэтнология шеңберінде сөз болғанымен ауқымы, одан кеңейе түсті.

Ұлттық құндылықтарға тән этикеттік стереотиптердің *қадірлеу, қастерлеу, аз тұту* сияқты ерекшеліктері өзге халықтардың мәдениетінде ұшыраса бермейтін құбылыс. Мұндай сөздердің әдетте байқала бермейтін қызметі мен мәні тілдік коммуникация кезінде ашыла түседі. Сондықтан сөз этикетін тексеру, тек адамдар арасындағы сан алуан қатынастың бір саласын қарастыру ғана емес, тілдің өзін де зерттеу болып табылады.

Сөз этикетіндегі стереотиптенген тілдік бірліктерді талдау нәтижесінде олардың мынадай негізгі белгілерін көрсетуге болады: *үнемділігі, мазмұнының көпшілікке түсініктілігі; құрамының тұрақтылығы, қолданысқа икемділігі, дыбысталуының үйлесімділігі, дайын тілдік бірлік* ретінде қолданылуы. Этикеттік тілдік бірліктер – халық санасында қалыптасқан стереотиптер.

Дәстүрлі мәдени ортада тыңдаушының, айналасындағы адамдардың көңілін көтеру, олардың жағымды эмоциясын тудыру мақсатында айтылатын этикеттік нормаға жататын мәдени тілдік категориялар, атап айтқанда, этикеттік стереотипке жатады. Мысалы: қазақ тілінде құттықтау, қуанышқа ортақтасу мағынасын білдіретін этикет тілдік бірліктердің стандартқа айналған төмендегідей формалары бар: *Құтты болсын!, Қайырлы болсын!, Ұзағынан сүйіндірсін!, Бақытты бол!, Қосағыңмен қоса ағар!, Босағаң берік, шаңырағың биік болсын!, Қадамдарыңа гүл бітсін!* т.б. Сөз этикеті дегеніміздің өзі қарым-қатынастың кеңінен қолданылатын, қалыптасқан стереотипі.

Этикеттік тілдік бірліктердің дәстүрлі нормаға айналған қаратпа атауыштары этикалық сипатқа ие ерекше құрылымдық жүйе. Оның құрылымы «Сіз» бен «Біз»-ден басталатын сыпайылық, жарасымдылық адамдар арасындағы қатынасты реттейтін ең қарапайым құрылымдық жүйе. Сондай-ақ «амандасу» – «қоштасу», «құттықтау», қиын жағдайда «көңіл айту» ежелден қалыптасқан имплицитті сипаттағы этикалық құрылымға жатады. Қоғам мүшелері арасындағы тілдік қарым-қатынасты реттеуде бұл аталған құрылым мен жүйе қоғамдық, жеке адамдар арасындағы қарым-қатынастың дәстүрлі мәдениетпен байланысты қырлары айрықша мән беруді талап етеді. Этикалық жүйедегі этикеттік сөздер дұрыс, орынды жұмсалмаса, адамдар арасындағы қарым-қатынасқа қаяу түсіріп қана қоймайды, сонымен бірге бұндай жайт экологиялық тұрғыдан рухани мәдениеттің төмендеуіне саяды. Этикалық нормаларда ұлттық сипат басым болады.

Қазақ тілінің этикеттік тілдік бірліктерін оқушы жастарға таныту арқылы ана тілін уағыздау, оның көркемдік-әсемдік қасиетін дамыту, тілді дұрыс және әдепті жұмсауға тәрбиелеу болмақ. Сондықтан коммуникативтік этикеттегі этикеттік стереотиптерді зерттеу – бүгінгі мәдени дүниеміздің қажеттілігі.

Этикет және этикеттік стереотип ұғымдарының бір-бірімен байланысты бірегейлігі, олардың ұлттық мәдени кодқа жататын ерекшеліктерінің айқындалуы, этикет ұғымының тұрақты мәдени кодқа жататын өзгешіліктерінің ашылуы, тіл арқылы берілетін тәлім-тәрбие, мінез-құлық құралы екенінің ашылып көрсетілуі студенттердің таным түсінігін, болашақ ұстаздардың кәсіби білімін кеңейте түсумен байланысты алынатын нәтижелерінің бірінен саналады.

Зерттеу жұмысын жүргізу барысында қазақ тіліндегі этикеттік стереотиптердің лингвомәдени табиғаты мен функционалдық қызметіне қатысты келесідей ғылыми нәтижелер алынды:

Біріншіден, этикеттік стереотиптердің көпқырлы сипаты айқындалды. Сөз этикеті тек тілдік қатынас құралы ғана емес, сонымен бірге философия, психология және этнология ғылымдарының түйіскен жеріндегі күрделі категория екені дәлелденді. Көне дәуірдегі мистикалық-символдық мағыналардан бастап, қазіргі өркениетті қоғамдағы жеке тұлғаны қалыптастырушы рухани күшке дейінгі эволюциялық жолы сараланды. Этикеттік бірліктердің қарым-қатынас кезінде экспрессивтік реңкке ие болып, коннотативтік мағынада жұмсалуды мен эмотивтік қызметке көшу заңдылықтары негізделді.

Екіншіден, стереотиптенген тілдік бірліктердің негізгі сапалық көрсеткіштері жүйеленді. Олардың үнемділігі, мазмұндық түсініктілігі, құрамының тұрақтылығы және қолданысқа икемділігі сияқты белгілері талданды. Әсіресе, құттықтау мен қуанышқа

ортақтасу барысындағы стандартты формалардың («Қосағыңмен қоса ағар!», «Босаған берік болсын!» т.б.) халық санасында орныққан дайын тілдік модельдер екені көрсетілді.

Үшіншіден, этикеттік жүйенің имплицитті құрылымы мен этикалық нормалары айқындалды. «Сіз» бен «Біз» моделінен басталатын сыпайылық жүйесі, сондай-ақ амандасу, қоштасу және көңіл айту сияқты этикалық құрылымдардың қоғамдық қатынастарды реттеудегі рөлі анықталды. Этикеттік сөздердің орынсыз жұмсалуды тек коммуникативтік кедергі емес, сонымен бірге рухани мәдениеттің төмендеуіне әкелетін «экологиялық қауіп» ретінде бағаланды.

Төртіншіден, зерттеудің педагогикалық және кәсіби маңызы негізделді. Сөз этикетіндегі ұлттық мәдени кодтарды айқындау арқылы студент жастардың, болашақ ұстаздардың кәсіби білімін кеңейтудің тиімділігі көрсетілді. Этикеттік стереотиптерді оқыту – ана тілінің көркемдік қасиетін ұғындырудың және жастарды әдептілікке тәрбиелеудің негізгі тетігі екені тұжырымдалды.

Қорыта айтқанда, зерттеу нәтижелері ұлттық этикет жүйесіндегі стереотиптердің сақталуы мен орынды қолданылуы тілдік қарым-қатынастың оңтайлы болуын ғана емес, ұлттық мәдениеттің өміршеңдігін де қамтамасыз ететінін айғақтады.

## ТАЛҚЫЛАУ

Сөз этикетін зерттеудің өзіндік тарихы бар десек, этикеттік қызмет атқаратын тілдік бірліктердің лексика-семантикалық ерекшеліктері мен функционалдық сипатын көрсету дәстүрлі зерттеу бағытына жатса, ал этикеттік бірліктерді қазіргі тілтанымда лингвомәдени, лингвокогнитивтік, прагматикалық аспектіде қарастыру бейдәстүрлі зерттеулер нысанасына жататынын бұл жерде атап айтуға тиіспіз.

Адамның өмірінде этикеттік стереотиптер ең алдымен оның әлеуметтік ортаға бейімделуіне ықпал етеді. Бала отбасында, мектепте, кейін қоғамда белгілі бір әдеп нормаларын меңгереді. Бұл нормалар арқылы ол үлкенді сыйлау, өзгеге құрмет көрсету, сыпайы сөйлеу сияқты мінез-құлық үлгілерін қалыптастырады. Осылайша этикеттік стереотиптер тұлғаның мәдени деңгейін айқындайды.

Этикеттік стереотиптердің тағы бір маңызды қызметі – адамдар арасындағы қарым-қатынасты жеңілдету. Белгілі бір жағдайларда қалай әрекет ету керектігі алдын ала белгілі болғандықтан, түсінбеушілік пен келіспеушілік азаяды. Сәлемдесу, алғыс айту, кешірім сұрау сияқты этикеттік әрекеттер адамдар арасындағы сенім мен сыйластықты нығайтады.

Сонымен қатар этикеттік стереотиптер адамның қоғамдағы беделіне әсер етеді. Әдепті, мәдениетті адам көпшілік арасында жағымды әсер қалдырып, айналасындағылармен оң қарым-қатынас орната алады. Ал этикет ережелерін елемеу адамның әлеуметтік байланыстарына кері әсерін тигізуі мүмкін. Сондықтан этикеттік стереотиптер адамның жеке және кәсіби өмірінде маңызды рөл атқарады. Қазіргі заманда жаһандану мен технологияның дамуына байланысты этикеттік стереотиптер өзгеріске ұшырауда. Дегенмен, олардың негізгі мақсаты – адамдар арасындағы сыйластықты сақтау – өз маңызын жойған жоқ. Этикеттік стереотиптер қоғамда тәртіп пен үйлесімділікті қамтамасыз етіп, адамның өмірінде бағыт-бағдар беретін маңызды мәдени құрал болып қала береді.

Еліміздегі жаңа буын жас қауымның тілдік коммуникациясының төмендеп кету қаупі бар екені баршамызға байқала бастады. Тілдік қарым-қатынастағы сөз жұтандығы, метафоралық, эфемистік сипаттағы креативті сөз қолданыстардың азая бастауы сияқты негативті құбылыстар ұлттық тіліміздің бірегейленуі, сөздің мағыналық байлығының арта түсуіне теріс әсер ететіні белгілі. Сондықтан ұлттық тіліміздің сөз байлығының негізгі көздерінің бірі болып саналатын этикеттік бірліктердің, оның ішінде этикеттік стереотиптердің жүйесін игертуді және меңгерту жөнінде мәселе қоғадық.

Сөз этикеті бір жағынан, лингвистикалық, екінші жағынан этикалық категориялармен байланысты аса күрделі құбылыс болып табылады. Сөз этикетінде жалпыадамдық, этносемалық (мәдени ұлттық), әлеуметтік-жіктік, оның ішінде гендерлік қатынаспен

байланысты аса мол ерекшеліктер бір-бірімен қабаттаса, сабақтаса байланысып жатады. Бұл айтылғандарға қоса этикеттік стереотиптердің вербалды қарым-қатынастың тілдік емес шарттарымен, яғни коммуникативтік ситуацияларға тәуелді тұстары бар. Сондағы айтайық деп отырғанымыз, сөз этикеті тілдің айрықша феномені болса, тілтанымның өзіндік зерттеу тәсілдері, ғылыми қағидаттары, объектісі, теориялық принциптері бар ерекше саласы.

Дәстүрлі мәдени ортада тыңдаушының, айналасындағы адамдардың көңілін көтеру, олардың жағымды эмоциясын тудыру мақсатында айтылатын этикеттік нормаға жататын мәдени тілдік категориялар, атап айтқанда, этикеттік стереотипке жатады

Стереотиптер – халықтың танымындағы, ой-санадағы «қалыптар». Сол қалыптардың тілдік репрезентациясының бірі – этикеттік тілдік бірліктер болып табылады. Этикеттік бірліктер мақал-мәтел, фразеологизм тәрізді сөз қолданыстан тысқары тұрғанда тілдегі дап-дайын дүниеліктер. Ал оны коммуникант коммуникативтік ситуацияға дәл түсетіндей қолданса, прагматикаланатын қасиетіне яғни «сөзді жандандырып жіберетін күдіретке» айналады. Оларды сөз жұмсауда «бұзып» та (мақсатты түрде), «бұзбай» да қолданып прагматикалық мақсатқа жетуге болады.

Тілдік қарым-қатынас, ең алдымен қаратпа атауыштардан басталады. Қаратпа атауыштың коммуникативтік мақсаты коммуниканттардың әлеуметтік мәртебесі мен әлеуметтік рөлін анықтау болып табылады. Этикеттік қаратпа атауыштар байланыс орнату, сөйлеушілердің бірін-бірі жақын тартуына дәнекерлік қызмет атқарады.

Ешбір қоғамда, мейлі ол дамудың ең жоғары сатысында болсын, ешбір заманда қоғам мүшелерінің әлеуметтік мәртебесі, ролі бірдей болмақ емес. Онда тіпті этикет дегеннің қажеті де болмас еді. Этикеттің өзі сол теңсіздікті реттеп, жөнге салу үшін пайда болған. өйткені жасы, жынысы, қоғамдық орны, қызметі, беделі т.б. тәрізді мәнді әлеуметтік айырма қай заманда, қай қоғамда, қай кезде болсын сақталып отырады.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта айтқанда, бұл айтылған мәселелер сөз мәдениетінің коммуникативтік қырларының бір саласы. Еліміздің тәуелсіздікке қол жеткізген кезеңдерден бері тіл ғылымындағы ізденістердің жаңаша бағыт-бағдарының қатары көбейе түсті. Ұлттық тіліміздің қолданыс өрісін кеңейту, коммуникативтік сапасын арттыру, ортологиялық құралдардың жаңаша түрлерін жасау, жазу-сызу мәдениетін жан-жақты реформалау сияқты аса күрделі әлеуметтік мәселелер сөз мәдениеті саласымен тығыз байланысты. Күн тәртібінен түспейтін бұл өзекті мәселелердің қатарында сөз этикетіне тән ұлттық ерекшеліктердің қолданыс аясын кеңейте түсу, қайта жаңғырту, дұрыс қолдану аса маңызды болып отыр.

Этикеттік стереотиптер — қоғамның мәдени айнасы болып саналады. Олар адамдарға өзара сыйластықта өмір сүруге көмектеседі, бірақ уақыт талабына сай икемделіп, өзгеріп отыруы мүмкін. Этикетті соқыр ереже емес, саналы таңдау ретінде қабылдау — қазіргі қоғамның маңызды әрі өзекті белгісі болып саналады. Этикеттік стереотиптер адамның өмірінде бағыт-бағдар беретін әлеуметтік құрал ретінде қызмет етеді. Олар адам мен қоғам арасындағы байланысты нығайтып, өзара сыйластық пен мәдениетті қарым-қатынастың негізін қалайды.

Дәстүрлі мәдениеттегі этикеттік бірліктерді зерделеумен қатар коммуникативтік этикеттегі олардың алатын орны мен қолданудың ғылыми-теориялық негіздерін, әдістемелік қырларын игереді. Ұлттық тіліміздің қолданыс өрісін кеңейту, коммуникативтік сапасын арттыру, қайта жаңғырту, дұрыс қолдану сияқты әлеуметтік мәселелер сөз этикетімен тығыз байланысты. Коммуникативті этикеттің сапасын жетілдіре түсуге қатысты мәселелер бүгінгі таңда аса өзекті болып отыр.

Қаратпа атауыштардың бай да сан қырлы семантикалық өрісі оған сөз этикеті тұрғысынан талдау жасауды қажет етеді. Бұл орайда қаратпа атауыштарды қатынас жағдаятына сай дұрыс таңдау, орынды қолдану т.с.с. ескерілуі қажет.

Этикеттік қаратпа атауыштарды жақсы білу, коммуникативтік ситуацияға лайық етіп, орнымен жұмсай білу – сөйлеушінің сөз мәдениеті, жалпы мәдениетінің жоғары екенін көрсететін, сонымен бірге қандай әлеуметтік топтың мүшесі екенін байқатып тұратын белгі

Гуманитарлық студенттер аудиториясында сөз мәдениетіне байланысты сабақтарда осындай кешенді бағытта білім беру болашақ педагог мамандар үшін пайдалы болар деп ойлаймыз.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Гумбольдт, В. фон. Тіл білімі бойынша таңдамалы еңбектер / В. фон Гумбольдт. – М.: Прогресс, 2001. – 400 б.
- 2 Введенская, Л. А. Орыс тілі және сөз мәдениеті / Л. А. Введенская, М. Н. Черкасова. – 11-бас. – Ростов н/Д: Феникс, 2011. – 380, [1] б. – (Кәсіби орта білім).
- 3 Формановская, Н. И. Сөйлеу этикеті және қарым-қатынас мәдениеті / Н. И. Формановская. – М.: Высшая школа, 1989. – 260 б.
- 4 Балақаев, М. Қазақ тілі мәдениетінің мәселелері / М. Балақаев. – Алматы: Қазақстан, 1965. – 109 б.
- 5 Неталиева, Қ. Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігі / Қ. Неталиева. – Алматы: Ғылым, 1977. – 400 б.
- 6 Өрелі өнер (Тіл мәдениеті туралы). – Алматы: Ғылым, 1976. – 232 б.
- 7 Сыздық, Р. Тілдік норма және оның қалыптануы (кодификациясы) / Р. Сыздық // Көптомдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ел-шежіре, 2014. – 290 б.
- 8 Уәли, Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: монография / Н. Уәли. – Алматы: Қазақ тілі, 2021. – 424 б.
- 9 Қобланова, А. Қазақ сөз этикеті: оқу құралы / А. Қобланова. – Алматы: Номад, 2020. – 120 б.
- 10 Hanson, W. Just Good Manners: A Quintessential Guide to Courtesy, Charm, Grace, and Decorum [Электрондық ресурс] / W. Hanson. – Gallery Books / Simon & Schuster, 2025. – URL: <https://www.simonandschuster.com/books/Just-Good-Manners/William-Hanson/9781668082850> (қаралған күні: 25.03.2026).
- 11 Hinton, P. R. Stereotypes and the Construction of the Social World [Электрондық ресурс] / P. R. Hinton. – Routledge, 2020. – URL: <https://www.routledge.com/Stereotypes-and-the-Construction-of-the-Social-World/Hinton/p/book/9781138637559> (қаралған күні: 25.03.2026).
- 12 Көне түркі сөздігі / ред.: В. М. Наделяев, Д. М. Насилов және т.б. – Л.: Наука, 1969. – 676 б.
- 13 Қазақ әдеби тілінің сөздігі: 15 томдық / құраст.: А. Ысқақов, Н. Уәли және т.б. – Алматы: Арыс, 2006-2011.

Материал 28.12.2025 баспаға түсті

### Этикетные стереотипы и их виды

А.Ж. Кобланова

КазНПУ им. Абая, Алматы, 050000, Казахстан

*В статье уделено внимание вопросам, возникающим в связи с направлениями и исследованиями, связанными с новой парадигмой в науке о казахском языке, а также определены стереотипные аспекты казахского речевого этикета. Мы сосредоточили внимание на аспектах, связанных с социальными особенностями именных обращений в коммуникативном этикете членов общества, заложенных в традиционной культуре, ставших стереотипами в языковом общении. Этикетные именные обращения, с одной стороны, являются стереотипами универсального характера, с другой стороны, мы проанализировали их стереотипный характер, имеющий значение, связанное с такими*

*различиями, как возрастные, гендерные различия и социальный статус коммуникантов. Кроме того, в последнее время проанализированы существующие виды дискуссионных именных этикетов и раскрыто их значение. Показано также, что характерные особенности старых традиционных этикетных имен, относящиеся к социальному стереотипу, ментальному стереотипу и этномаркерному стереотипу, связаны с коммуникативной ситуацией. В ходе анализа этикетных стереотипов установлено, что именные обращения важны на социально-социальном уровне и относятся к числу культурно-этических ценностей. Этикетные стереотипы — это ожидаемые модели поведения, сформировавшиеся в обществе в процессе межличностного общения. Они возникают в зависимости от культуры, традиций, возраста, пола и социального статуса и служат ориентирами в повседневной жизни. Положительная сторона этикетных стереотипов заключается в том, что они облегчают общение и уменьшают недопонимание. Однако иногда они могут накладывать ограничения и игнорировать индивидуальность. Если говорить о видах, то к первому относятся культурные стереотипы, например формы приветствия, приёма гостей, проявления уважения к старшим. Второй вид — профессиональные этикетные стереотипы: написание служебных писем, общение с руководством, стиль одежды на рабочем месте. Третий — гендерно-ролевые стереотипы, то есть нормы поведения, считающиеся характерными для мужчин и женщин. Четвёртый — возрастные стереотипы, определяющие правила поведения детей, молодёжи и пожилых людей. Кроме того, существуют стереотипы цифрового этикета, регулирующие вежливость в онлайн - общении. Понимание этикетных стереотипов является важным условием формирования осознанного и уважительного общества. Анализ этой темы повышает личную ответственность, развивает критическое мышление и помогает быть открытым к разнообразию. Поэтому гибкое применение норм этикета, соблюдение уважения и равенства являются особенно актуальными в современном мире. Это формирует доверие, взаимопонимание и сотрудничество между людьми, укрепляет долгосрочные социальные связи, способствует устойчивому развитию и регулирует межличностные отношения через языковую коммуникацию.*

*Ключевые слова: речевой этикет, именные обращения, ортология, социальный стереотип, ментальный стереотип, этномаркерный стереотип.*

#### СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Гумбольдт, В. фон. Избранные труды по языкознанию / В. фон Гумбольдт. – М.: Прогресс, 2001. – 400 с.
- 2 Введенская, Л. А. Русский язык и культура речи / Л. А. Введенская, М. Н. Черкасова. – 11-е изд. – Ростов н/Д: Феникс, 2011. – 380, [1] с. – (Среднее профессиональное образование).
- 3 Формановская, Н. И. Речевой этикет и культура общения / Н. И. Формановская. – М.: Высшая школа, 1989. – 260 с.
- 4 Балакаев, М. Проблемы культуры казахского языка / М. Балакаев. – Алматы: Казахстан, 1965. – 109 с.
- 5 Неталиева, К. Орфоэпический словарь казахского языка / К. Неталиева. – Алматы: Наука, 1977. – 400 с.
- 6 Орели онер (О культуре речи). – Алматы: Наука, 1976. – 232 с.
- 7 Сыздык, Р. Языковая норма и ее кодификация / Р. Сыздык // Собрание сочинений в нескольких томах. – Алматы: Ел-шежіре, 2014. – 290 с.
- 8 Уали, Н. Теоретические основы культуры казахской речи: монография / Н. Уали. – Алматы: Издательство «Қазақ тілі», 2021. – 424 с.
- 9 Кобланова, А. Казахский речевой этикет: учебное пособие / А. Кобланова. – Алматы: Номад, 2020. – 120 с.
- 10 Hanson, W. Just Good Manners: A Quintessential Guide to Courtesy, Charm, Grace, and Decorum [Electronic resource] / W. Hanson. – Gallery Books / Simon & Schuster, 2025. – URL:

<https://www.simonandschuster.com/books/Just-Good-Manners/William-Hanson/9781668082850>  
(accessed: 25.03.2026).

11 Hinton, P. R. Stereotypes and the Construction of the Social World [Electronic resource] / P. R. Hinton. – Routledge, 2020. – URL: <https://www.routledge.com/Stereotypes-and-the-Construction-of-the-Social-World/Hinton/p/book/9781138637559> (accessed: 25.03.2026).

12 Древнетюркский словарь / ред.: В. М. Наделяев, Д. М. Насилов и др. – Л.: Наука, 1969. – 676 с.

13 Словарь казахского литературного языка: в 15 т. / сост.: А. Искаков, Н. Уали и др. – Алматы : Арыс, 2006-2011.

Материал поступил в редакцию журнала 28.12.2025

### **Etiquette stereotypes and their types**

A. Koblanova

Kazakh National pedagogical university named after Abai, Almaty, 050000, Kazakhstan

*In the article, attention is paid to issues arising in connection with trends and research related to the new paradigm in the science of the Kazakh language, and stereotypical aspects of Kazakh speech etiquette are also defined. We focused attention on the aspects related to the social features of name addresses in the communicative etiquette of members of society, laid down in traditional culture, which have become stereotypes in the language community. Etiquette name addresses, on the one hand, are stereotypes of a universal character, on the other hand, we analyzed their stereotypical character, which has meaning associated with such differences as age, gender differences and social status of communicants. In addition, recently, existing types of controversial name labels have been analyzed and their meaning revealed. It is also shown that the characteristic features of old traditional etiquette names related to social stereotyping, mental stereotyping and ethno marker stereotyping are connected with the communicative situation. During the analysis of etiquette stereotypes, it was established that name addresses are important at the socio-cultural level and belong to the list of cultural and ethical values. Etiquette stereotypes are expected patterns of behavior that have developed in society through interpersonal interaction. They arise depending on culture, traditions, age, gender, and social status, and they provide guidance in everyday life. The positive aspect of etiquette stereotypes is that they make communication easier and reduce misunderstandings. However, they can sometimes impose limitations and overlook individuality. In terms of types, the first are cultural stereotypes, such as forms of greeting, hosting guests, and showing respect to elders. The second type is professional etiquette stereotypes, including writing official emails, communicating with management, and dress codes in the workplace. The third type consists of gender-role stereotypes, meaning behavior norms traditionally associated with men and women. The fourth type includes age-related stereotypes that define rules of behavior for children, young people, and the elderly. In addition, there are digital etiquette stereotypes that regulate politeness in online communication.*

*Understanding etiquette stereotypes is an important condition for building a conscious and respectful society. Analyzing this topic increases personal responsibility, develops critical thinking, and helps people remain open to diversity. Therefore, the flexible application of etiquette norms and the preservation of respect and equality are especially relevant in the modern world. They foster trust, mutual understanding, and cooperation among people, strengthen long-term social connections, contribute to sustainable development, and regulate interpersonal relationships through linguistic communication.*

*Key words: speech etiquette, name addresses, orthology, social stereotype, mental stereotype, ethnomarker stereotype.*

## REFERENCES

- 1 Humboldt, V. von. (2001) *Izbrannye trudy po yazykoznaniiyu* [Selected works on linguistics]. Moscow: Progress. (In Russian).
- 2 Vvedenskaya, L.A. and Cherkasova, M.N. (2011) *Russkiy yazyk i kultura rechi* [Russian language and culture of speech]. 11th edn. Rostov-on-Don: Feniks. (In Russian).
- 3 Formanovskaya, N.I. (1989) *Rechevoy etikét i kultura obshcheniya* [Speech etiquette and culture of communication]. Moscow: Vysshaya shkola. (In Russian).
- 4 Balakaev, M. (1965) *Kazak tili madenietinin maseleleri* [Problems of the culture of the Kazakh language]. Almaty: Kazakhstan. (In Kazakh).
- 5 Netalieva, K. (1977) *Kazak tilinin orfoepiyalyk sozdigi* [Orthoepic dictionary of the Kazakh language]. Almaty: Nauka. (In Kazakh).
- 6 *Orelí oner (O kulture rechi)* (1976) [Noble art (On the culture of speech)]. Almaty: Nauka. (In Kazakh).
- 7 Syzdyk, R. (2014) *Tildik norma zhane onyn kalyptanuy (kodifikatsiyasy)* [Linguistic norm and its formation (codification)]. Collected works in several volumes. Almaty: El-shezhire. (In Kazakh).
- 8 Uali, N. (2021) *Kazak soz madenietinin teoliyalyk negizderi* [Theoretical foundations of the culture of Kazakh speech]: monograph. Almaty: Kazak tili. (In Kazakh).
- 9 Koblanova, A. (2020) *Kazak soz etiketi* [Kazakh speech etiquette]: textbook. Almaty: Nomad. (In Kazakh).
- 10 Hanson, W. (2025) *Just Good Manners: A Quintessential Guide to Courtesy, Charm, Grace, and Decorum*. Available at: <https://www.simonandschuster.com/books/Just-Good-Manners/William-Hanson/9781668082850> (Accessed: 25 March 2026).
- 11 Hinton, P.R. (2020) *Stereotypes and the Construction of the Social World*. Available at: <https://www.routledge.com/Stereotypes-and-the-Construction-of-the-Social-World/Hinton/p/book/9781138637559> (Accessed: 25 March 2026).
- 12 Nadelyaev, V.M. and Nasilov, D.M. (eds.) (1969) *Drevneturkskiy slovar* [Old Turkic dictionary]. Leningrad: Nauka. (In Russian).
- 13 Iskakov, A. and Uali, N. (eds.) (2006-2011) *Kazak adebi tilinin sozdigi* [Dictionary of the Kazakh literary language]: in 15 volumes. Almaty: Arys. (In Kazakh).

Received: 28.12.2025

FTAMP 16.31

DOI: [10.59102/kufil/2026/iss1pp153-165](https://doi.org/10.59102/kufil/2026/iss1pp153-165)

**С.Б. Коянбекова<sup>1</sup>, Б. Шалабай<sup>2</sup>, А. Бари<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ, Алматы, 050000, Қазақстан

<sup>2</sup>Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, 020000, Қазақстан

### **ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ: ҚАЗАҚ ТІЛІ ЭКСПРЕССИВТІК СТИЛИСТИКАСЫНЫҢ ӘДЕБИЕТ ПӘНІМЕН КОНСОЛИДАЦИЯЛАНУЫНЫҢ СИНЕРГЕТИКАЛЫҚ МОДЕЛІ**

*Жаһандық өркениетте қазақ тілінің мәдениетаралық қызметінің санқырлы сипаттарын зерттеуде экспрессивтік стилистиканың өзге ғылымдармен консолидациялануын зерттеу өзектілік танытады. Ғасырлар бойы жинақталған ұлттың даналық ақыл-ой өрісінің қазақ тілі экспрессивтік стилистикасының пәнаралық консолидациялануымен қазіргі қазақ тілінің қоғамдық, әлеуметтік функциясын белсендендіріп отыр. Сондықтан экспрессивтік стилистиканың сөздегі экспрессивтік*